



Бекітемін»
ХТКТК директоры
Мулдашева Б.К.
2023ж.

Хромтау тау – кен техникалық жоғары колледжінің
Хромтау тау – кен техникалық жоғары колледжі
ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының
ЖОСПАРЫ
2023-2024 оқу жылы

| № | Тақырыбы | Мазмұны |
|---|---|--|
| 1 - КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ | | |
| ҚАЗАН | Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу... Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі | 1. Бірінші курс студенттерінің жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – бірінші курс студенттерінің өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері |
| ЖЕЛТОҚСАН | Көркем мінез – баға жетпес байлық Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі | 1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау (<i>шешім қабылдау</i>) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер |
| НАУРЫЗ | Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері | 1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері 3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы 4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары 5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі |
| МАМЫР | Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы Жасөспірімнің дамуындағы тәуекел аймақтары | 1. Тәуелділік түрлері (<i>тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.</i>) 2. Жасөспірім бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. Сынықтан өзгенің бәрі жұғады. Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі |
| 2 - КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ | | |
| ҚАЗАН | Жақсыдан қашпа, жаманға баспа... Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жасөспірімнің қауіпсіздігі | 1. Интернет қауіпсіздігі 2. Жасөспірімдердің ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жасөспірімдердің әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің |

| | | |
|------------------|---|---|
| | | алдын алу бойынша отбасы мен колледждің өзара әрекеті |
| ЖЕЛТОҚСАН | <p>Күйзелістен шығар жол</p> <p>Күйзелісті жеңуге көмектесеміз</p> | <p>1. Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны. Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері</p> <p>2. Эмоцияны бақылау – стресстен, күйзелістен шығудың жолы</p> <p>3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері</p> <p>4. Қателесу - тәжірибе жинауға мүмкіндік береді</p> <p>5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі колледж бен отбасының өзара әрекеті</p> |
| НАУРЫЗ | <p>Сүйіспеншілік – сыйластық кілті</p> <p>Махаббат татулықтың негізі</p> | <p>1. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі.</p> <p>2. «Айналайын» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету</p> <p>3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция.</p> <p>4. Жасөспіріммен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады</p> |
| МАМЫР | <p>Атадан өсиет, анадан қасиет</p> <p>Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары</p> | <p>1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі</p> <p>2. Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар. Әке мен ананың отбасындағы рөлі</p> <p>3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе - қазіргі балалардың даму ерекшеліктері</p> <p>4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау</p> |